

«Бизнес Бюджет» сервисін көрсету шарттары

Бұдан әрі Оператор деп аталатын «Кселл» АҚ Оператормен байланыс қызметтерін көрсету туралы шарттар (бұдан әрі - Қызметтер Шарты) жасасқан заңды тұлғаларға және жеке кәсіпкерлерге (бұдан әрі - Корпоративтік Абоненттерге) және одан әрі Пайдаланушылар деп аталатын Корпоративтік Абоненттердің қызметкерлеріне мынадай төменде көрсетілген «Бизнес Бюджет» қосымша сервисін пайдалануды ұсынады

Корпоративтік Абонент пен Оператор осы «Бизнес Бюджет» сервисі шарттарының (бұдан әрі мәтін бойынша - Шарттар) мәтіні бойынша бірге «Тараптар» деп аталады.

Осы Шарттар Қазақстан Республикасы (бұдан әрі - ҚР) Азаматтық кодексінің 389-бабы шеңберінде әзірленді және олардың қолданылуы осы Шарттарда көзделген тәртіппен Шарттарға қосылған Оператордың, Корпоративтік Абоненттер мен Пайдаланушылардың құқықтық қатынастарына қолданылады.

1. Жалпы ережелер

Осы Шарттардың мақсаттарында төмендегідей негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1.1. «Бизнес Бюджет» сервисі (бұдан әрі - Сервис) - Корпоративтік Абоненттің/Пайдаланушының Оператормен жасалған Қызметтерді Пайдалану Шарттарында көрсетілгендей Тарифтерге/Тарифтік жоспарларға сәйкес Пайдаланушылардың Шығыстар лимиті шегіндегі сомаға және Пайдаланушылардың Шығыстар лимитінен тыс Қызметтерді пайдаланғаны үшін төлемді жүргізулері үшін Оператор шоттарды (шот-фактураларды) бөлек шығаруды жүргізетін Оператор Корпоративтік Абонентке көрсететін қосымша қызмет. Пайдаланушының Шығыстар лимитінен тыс көрсетілген Қызметтер бойынша шот-фактура Корпоративтік Абоненттің/Пайдаланушының жеке сұранымы негізінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жазылады.

1.2. Корпоративтік топ - Корпоративтік Абонентпен жасалған тиісті Қызметтер Шартының талаптарында Қызметтер көрсетілетін Пайдаланушылар тобы.

1.3. Қызметтер Шарты - Оператор мен Корпоративтік Абонент арасында Корпоративтік Абонентке байланыс қызметтерін көрсетуге жасалған не Корпоративтік Абонентті тиісті тіркеу нысанына қол қою арқылы Жария Шартқа қосу жолымен жасалған шарт.

1.4. Тариф - Байланыс қызметтерін тарифтеу бірлігі құнының Байланыс операторы белгілеген Байланыс қызметтерін көрсеткені үшін төлемақының ақшалай көрінісі.

1.5. Тарифтік жоспар - Байланыс операторының Абоненттерге немесе белгілі бір Абоненттер тобына немесе белгілі бір шектеулі аумақта белгілейтін Байланыс қызметтерінің тізбесі мен құнын, оларды ұсыну және тарифтеу ерекшеліктерін айқындайтын тарифтік ұсыныстар жүйесі.

1.6. Пайдаланушы - Корпоративтік Абоненттің қызметкері немесе Корпоративтік Абонент Корпоративтік топқа енгізген және Қызметтерді және олармен технологиялық байланысты Қызметтерді пайдаланатын өзге тұлға. Осы Шарттардың мақсаттары үшін Пайдаланушылар деп Абоненттік нөмірлері мынадай өлшемдерге сәйкес келетін тұлғалар түсініледі: Абоненттік нөмір Корпоративтік Абонентке ресімделген; Абоненттік нөмір

Корпоративтік Абоненттің Корпоративтік тобына енгізілген. Қызметтер Шарты бойынша барлық құқықтар мен міндеттемелер Корпоративтік Абонентте толық көлемде сақталады.

1.7. Абоненттік нөмір - Қызмет көрсету Шартын жасасқан кезде Корпоративтік Абонентке бөлінетін, ол бойынша Оператордың желісіне қосылған абоненттік құрылғы (ұялы телефон және т.б.) оған басқа абонентке құрылғылар қосылған кезде сәйкестендірілетін телефон нөмірі. Пайдаланушылардың Абоненттік нөмірлерінің тізбесін Корпоративтік Абонент осы Шарттарға № 1 Қосымшаның нысаны бойынша Сервисті қосуға арналған Өтініште Операторға ұсынады.

1.8. Корпоративтік Абоненттің ортақ дербес шоты (бұдан әрі - ОДШ) - Оператордың биллингтік жүйесіндегі Корпоративтік Абоненттің Сервиске қосылған барлық Абоненттік нөмірлері бойынша көрсетілген Қызметтер көлемін есепке алуға, жасалған Қызметтер Шартына сәйкес Корпоративтік Абонент енгізген ақша қаражатының түсуі мен жұмсалыуына арналған талдамалық есепке алу тіркелімі.

1.9. Пайдаланушының жеке шоты - Оператордың биллингтік жүйесіндегі Корпоративтік Абоненттің тиісті Абоненттік нөмірі бойынша Шығыстар лимитінен тыс көрсетілген Қызметтер көлемін есепке алуға, Пайдаланушы енгізген ақша қаражатының түсуі мен жұмсалыуына арналған талдамалық есепке алу тіркелімі.

1.10. Пайдаланушының несиелік лимиті - Оператор Корпоративтік Абоненттің несиелік есеп айырысу тәртібін тағдаған жағдайында Пайдаланушыға Есепті кезеңде Қызметтер көрсететін және оған қол жеткізген кезде Қызметтер Корпоративтік Абоненттің немесе Пайдаланушылардың Пайдаланушы Жеке шотына келесі ақша қаражатын енгізуіне дейін тоқтатыла тұратын сома. Пайдаланушының несиелік лимитінің мөлшерін 100 (Жүз) теңгеден артық мөлшерде орнатуға болмайды. Пайдаланушының несиелік лимитінің мөлшері осы Шарттарға № 1 Қосымшаның нысаны бойынша Сервисті қосуға арналған Өтініште белгіленеді. Несиелік лимит ай сайын жаңартылады.

1.11. Есеп айырысудың аванстық тәртібі - Қызметтерге ақы төлеу аванстық төлем арқылы жүргізілетін есеп айырысу тәртібі (Қызметтерді көрсету үшін жеткілікті ақшаның Пайдаланушының жеке шотына түсуі).

1.12. Есеп айырысудың несиелік тәртібі - Пайдаланушының белгіленген несиелік лимиті шегінде ақшалай қаражатты алдын ала төлемей Қызмет көрсетулерді пайдалану қолжетімді болатын есеп айырысу тәртібі. Қызметтерге ақы төлеу Есеп айырысу кезеңі ішінде жүргізіледі.

1.13. ОДШ несиелік лимиті - Оператор Есепті кезеңде Корпоративтік Клиентке Қызметтер көрсететін сома, оған қол жеткізілген кезде Қызметтер Корпоративтік Абонент келесі ОДШ толықтырғанға дейін тоқтатыла тұрады. ОДШ несиелік лимитінің мөлшері осы Шарттарға № 1 Қосымшаның нысаны бойынша Сервисті қосуға арналған Өтініште белгіленеді. ОДШ Кредиттің лимитінің мөлшері Сервиске қосылған Корпоративтік Абоненттің барлық Абоненттік нөмірлері бойынша Шығыстар лимитінің жиынтық мәнінен кем болмауға тиіс. Сервиске қосымша Абоненттік нөмірлерді қосқан кезде Корпоративтік Абонент ОДШ несиелік лимитінің мөлшерін ұлғайтуға тиіс. Несиелік лимит ай сайын жаңартылады.

1.14. Есептік кезең – Кредиттің есеп айырысу тәртібі бойынша Оператор Қызметтері көрсетілген және есептелген бір күнтізбелік айға тең уақыт кезеңі.

1.15. Есеп айырысу кезеңі - егер ақы төлеудің өзге мерзімдері Қызметтер Шартының талаптарында белгіленбесе, Корпоративтік Абонент және/немесе Пайдаланушы көрсетілген Қызметтерге ақы төлеуге міндетті болатын Есептік кезең аяқталғаннан кейін күнтізбелік отыз күн.

1.16. Қызмет/Қызметтер/Байланыс қызметтері – Оператордың және үшінші тараптардың қызметтері.

1.17. Оператор қызметтері – Интернет желісіне мобильді қолжетімділік қызметін қоса, байланыс қызметтері (негізгі және қосымша), Kcell немесе Activ тауар белгілерімен ұсынылатын анықтамалық-ақпараттық қызметтер және/немесе Оператор көрсететін басқа да қызметтер.

Негізгі байланыс қызметтеріне: 1) шұғыл шақыруларды қоса алғанда, дауыстық байланыс қызметтері; 2) Қысқа мәтіндік хабарламаларды беру қызметтері жатады.

1.18. Үшінші тараптардың қызметтері – Операторға және (немесе) Абоненттерге Оператор желісі арқылы көрсетілетін Провайдерлер мен басқа да үшінші тараптардың қызметтері, сондай-ақ Операторға және (немесе) Абоненттерге үшінші тұлғалар көрсететін басқа да қызметтер.

1.19. Шығыстар лимиті - шегінде Оператор Корпоративтік Абонентке шот-фактура қоятын Пайдаланушының әрбір Абоненттік нөмірі үшін осы Талаптарға № 1 Қосымшаның нысаны бойынша Сервисті қосуға арналған өтініште Корпоративтік Абонент белгілейтін және айқындайтын және Қызмет көрсету Шартының Корпоративтік Абонентінің міндеттемелерін орындау үшін жеткілікті құндық шама (соманың шекті мөлшері). Шығыстар лимиті шегінде сомаға көрсетілген қызметтерге Корпоративтік Абонент ақы төлеуге тиіс. Шығыстар лимитінен тыс көрсетілген қызметтер үшін шот-фактураны Оператор Пайдаланушыға ұсынады. Шығыстар лимитінен тыс сомаға көрсетілген қызметтерді Пайдаланушы не осы Шарттарда айқындалған талаптарда Корпоративтік Абонент төлейді.

1.20. Корпоративтік Абоненттің өтініші - Операторға Абоненттік нөмірлердің өшірілуіне немесе Сервиске қосылуына байланысты не Абоненттік нөмірлерді Пайдаланушылардың ауыстыруына байланысты, есеп айырысу тәртібін ауыстыруға немесе Пайдаланушының несиелік лимитінің өзгеруіне байланысты жіберілетін, осы Шарттардың ажырамас бөлігі болып табылатын және Корпоративтік ресімделетін Корпоративтік Абоненттің №1 Қосымшадағы нысан бойынша ресімделетін жазбаша өтініші (Сервисті қосуға өтініш) және осы Шарттарға № 2 (Сервисті ажыратуға өтініш). Корпоративтік Абоненттің Шығыстар лимитінің және/немесе несиелік лимитінің өзгеруіне байланысты Операторға жіберілетін өтінішін Корпоративтік Абонент еркін нысанда ресімдейді.

1.21. Корпоративтік Абонент - Оператор Қызметтер Шартын жасасқан заңды тұлға немесе жеке кәсіпкер мәртебесі бар Оператордың Абоненті.

1.22. **Оператор Сайты** – Оператордың Интернет желісіндегі мына мекенжайлардағы ақпараттық ресурсы:

Kcell - www.kcell.kz; activ - www.activ.kz

1.23. Оператордың Жария шарты - Қызмет көрсетудің жалпы шарттарын анықтайтын, барлық Абоненттер үшін бірдей шарттарға сәйкес әрекет ететін және Оператордың ресми

Сайтында орналастырылған, Оператордың ұялы байланыс Қызметтерін ұсынуына абоненттік шарт.

1.24. Провайдер – Оператор желісін пайдалану арқылы Пайдаланушыларға интеллектуалдық, жадыратушы (лотереялар, дауыс берулер, телевикториналар, анықтамалық-ақпараттық қызметтер, танысу қызметтері т.б.) немесе басқа да сипаттағы Қызметтерді (сервистерді) көрсететін жеке немесе заңды тұлға.

1.25. USSD-пәрмен - GSM желілерінде Пайдаланушы мен сервистік қосымша арасында белгілі бір реттілікте және Оператор желісінің техникалық мүмкіндіктерімен рұқсат етілген көлемде терілгенс әріптер және/немесе цифрлардан және/немесе символдардан тұратын қысқа хабарламаларды беру режимінде интерактивті өзара іс-қимылды ұйымдастыруға, анықтамалық ақпаратты алуға, сондай-ақ Абоненттік нөмірді және/немесе Қызметтерді Абоненттік нөмір бойынша басқаруға мүмкіндік беретін стандартты сервис.

1.26. Есепке алу жүйесі (биллинг) - Оператордың Қызметтер бойынша төлемдерді есептеуді қалыптастыратын бағдарламалық қамтамасыз етуі.

2. Сервисті қосу

2.1. Осы Шарттарды Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Оператор дербес белгілейді және оны Корпоративтік Абонент пен Пайдаланушы тұтастай Шарттарға қосылу жолымен ғана қабылдайды.

2.2. Сервисті қосу үшін Корпоративтік Абонент Операторға Сервисті қосуға жазбаша Өтінішті қағаз жеткізгіште немесе Оператордың электрондық мекенжайына сканерленген көшірмесін жіберу жолымен немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де тәсілмен береді. Сервисті қосуға арналған өтініште Пайдаланушының деректері және осы Шарттармен келісетінін растайтын оның қолы болуы тиіс.

2.3. Корпоративтік Абонент осы Шарттарда белгіленген талаптарды сақтай отырып, Операторға Сервисті қосуға Өтініш/Сервисті ажыратуға Өтініш жібере отырып, Сервисті Пайдаланушыларды қосуға/жоюға немесе Сервисті өшіруге құқылы.

2.4. Егер Қызметтерді көрсету Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және/немесе Қызметтер Шартында көзделген тәртіппен тоқтатыла тұрса, Сервисті Корпоративтік Абонентке қосуға болмайды.

2.5. Сервисті қоса отырып, Пайдаланушы Корпоративтік Абоненттің Өтініші бойынша Пайдаланушыға Қызмет көрсету тоқтатылуы мүмкін деп келіседі.

2.6. Корпоративтік Абонент Оператор алдында Көрсетілетін қызметтер шартының талаптарын толық көлемде орындайды. Пайдаланушының Қызметтер үшін ақы төлеуіне жол беріледі.

3. Сервисті көрсету тәртібі

3.1. Сервис Корпоративтік Абонентке және Пайдаланушыға Корпоративтік Абонент Сервисті қосқан сәттен бастап ұсынылады. Сервис көрсету осы Шарттарда көзделген тәртіпке сәйкес тоқтатылады.

3.2. Пайдаланушы осы Шарттарға Сервисті қосқан кезде Корпоративтік Абонент беретін Сервисті қосу туралы Өтінішке қол қою жолымен қосылады.

3.3. Корпоративтік Абонент Сервисті қосуға арналған Өтініште көрсетілген Абоненттік нөмір бойынша төлеуге міндеттенетін әрбір Абоненттік нөмір шығыстарының ай сайынғы лимитін көрсетеді. Көрсетілген Шығыстар лимитінен тыс шығыстар сомасын Пайдаланушы төлейді.

3.4. Сервисті іске асыру мақсатында Оператор ОДШ және Пайдаланушылардың жеке шоттарын ашады. ОДШ-қа Сервиске қосылмаған нөмірлерді енгізуге болмайды. Сервистен бас тартқан жағдайда Абоненттік нөмірлерге қызмет көрсету жеке жеке шоттарда жалғасады. Пайдаланушы белгіленген Шығыстар лимитінен тыс алатын қызметтер Пайдаланушының осы Жеке шотынан төленеді. Қызметті қоса отырып, Корпоративтік Абонент, Корпоративтік Абонент Операторға USSD пайдалануға тыйым салу туралы жазбаша өтініш берген жағдайларды қоспағанда, егер қосымша Қызметті басқарудың мұндай тәртібін Корпоративтік Абоненттің қосымша келісімін алусыз Оператор белгілесе, Пайдаланушы USSD-сұраным беру арқылы қосымша Қызметтерді қосуы/өшіруі мүмкін екендігімен келіседі.

3.5. Корпоративтік Абонент Абоненттік нөмірді пайдаланудан бас тартқан, Абоненттік нөмірді басқа Пайдаланушыға берген кезде, сол сияқты Пайдаланушының дербес деректері өзгерген кезде Пайдаланушының Жеке шотындағы ақша қаражатының қалдығы, сол сияқты ондағы берешектің мөлшері Пайдаланушының Жеке шотында ескеріледі. Пайдаланушының жазбаша өтініші бойынша Жеке шоттағы ақша қаражатының қалдығы Пайдаланушының қайтару туралы өтініші тіркелген күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде Пайдаланушыға қайтарылуы мүмкін.

3.6. ОДШ-да ақша қаражаты болмаған кезде Оператор Лимиттен асып кеткен Пайдаланушылардың Абоненттік нөмірлері бойынша Қызметтер көрсетуді тоқтата тұру құқығын өзіне қалдырады.

3.7. Егер Операторға Сервисті қосуға арналған Өтініште көрсетілген Пайдаланушылардың дербес деректерінің дұрыс еместігі және/немесе жарамсыздығы туралы белгілі болған жағдайда, Оператор Пайдаланушылардың осындай Абоненттік нөмірлері бойынша Қызметтерді тек Шығыс лимиті шегінде көрсету құқығын өзіне қалдырады. Бұл ретте Оператор Пайдаланушы сұрау салған сәттен бастап 1 (Бір) жұмыс күнінен кешіктірмей ұсынуы тиіс Пайдаланушының дербес деректерін сұратады.

3.8. Корпоративтік Абонент Қызметтерді көрсету мерзімін кешіктірген жағдайда, сондай-ақ Қызметтер Шартында немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де негіздер бойынша Корпоративтік Абонентке немесе Пайдаланушыға Қызметтер көрсету шектелген немесе тоқтатылған жағдайларда, Оператор Корпоративтік Абонентке және Пайдаланушыға Қызметтер көрсетуді, оның ішінде Пайдаланушының Жеке шотының балансында қаражат болған кезде де тоқтата тұруға құқылы.

3.9. Пайдаланушы қосатын Қызметтер Оператордың Сайтында орналастырылған Тарифтерге/Тарифтік жоспарларға сәйкес тарифтеледі және несиелік есеп айырысу тәртібі кезінде Пайдаланушының несиелік лимитінің сомасына ғана немесе Аванстық есеп айырысу тәртібі кезінде қолда бар оң теңгерім шегінде пайдаланылуы мүмкін.

3.10. Сервисті өшіруді және Сервисті көрсетуді тоқтата тұруды Оператор осы Шарттардың қолданылуы тоқтатылған жағдайда, Корпоративтік Абонент және/немесе Пайдаланушы

Тұтынған Қызметтер үшін төлемеген жағдайда, сондай-ақ Пайдаланушы және/немесе Корпоративтік Абонент осы Шарттарда/Қызметтер Шартында көзделген өзге де міндеттемелерді орындамаған жағдайда біржақты соттан тыс тәртіппен жүзеге асыруы мүмкін.

3.11. Сервис шеңберінде Оператор ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың 20-сынан кешіктірмей Оператордың Есеп жүйесінің (биллингiнiң) деректері негiзiнде ЭШФ АЖ-да Корпоративтік Абонентке орындалған жұмыстардың (көрсетiлген қызметтердiң) электрондық актісін және Есептік кезеңде нақты көрсетiлген, бiрақ Сервисті қосуға Өтiнiште орнатылған Шығыстар лимиті шегiнде Қызметтер үшін электрондық шот-фактураны қояды.

4. Тараптардың құқықтары мен мiндеттерi

4.1. Корпоративтік Абонент мiндеттерi:

4.1.1. Пайдаланушының есеп айырысу тәртібiн, Пайдаланушының ОДШ несиелiк лимитiнiң (несиелiк есеп айырысу тәртібі кезiнде) және әрбiр Абоненттік нөмiр бойынша Шығыстар лимитiнiң мөлшерiн, сондай-ақ несиелiк лимиттің мөлшерiн айқындауға және Оператормен келiсуге;

4.1.2. осы Шарттарда белгiленген тәртіппен Қызмет Шартына сәйкес және Шығыстар лимиті шегiнде Есептік кезеңде Корпоративтік Абонент пен Пайдаланушыларға нақты көрсетiлген Қызметтердiң құнын төлеуге. Пайдаланушы пайда болған берешек сәтiнен бастап 60 (алпыс) күнтізбелiк күн iшiнде Шығыстар лимитiнен тыс тұтынылған Қызметтердiң құнын төлемеген жағдайда Корпоративтік Абонент Оператордан хабарлама алған сәттен бастап күнтізбелiк 15 (он бес) күн iшiнде осындай берешекті өтеуді жүзеге асырады.

4.1.3. егер Корпоративтік Абонент және/немесе Пайдаланушы осы Шарттардың 5-бөлiмiнде көрсетiлген тәсiлден өзгеше тәсiлмен ақы төлеген жағдайда Қызметтерге ақы төлеуді растайтын құжаттарды ұсына отырып, 1 (бiр) жұмыс күнi iшiнде Операторға хабарлауға.

4.1.4. Операторға Есептік кезең басталғанға дейiн Сервисті қосуға арналған Өтiнiште Пайдаланушылардың Абоненттік нөмiрлерiнiң тізбесiн беруге;

4.1.5. Пайдаланушының Абоненттік нөмiрi қайта ресiмделген және/немесе оны Корпоративтік топтан шығарған жағдайда, осындай абоненттік нөмiр бойынша бар барлық берешекті өтеуге;

4.1.6. Корпоративтік Абонент Қызмет көрсету Шартын бұзған және/немесе Сервисті ажырату туралы шешiм қабылдаған жағдайда, Корпоративтік Абонент Пайдаланушылар пайдаланатын Корпоративтік Абоненттің барлық Абоненттік нөмiрлерi бойынша бар барлық берешекті өтеуге.

4.1.7. Корпоративтік Абонент Пайдаланушының есеп айырысу тәртібiн несиелiк тәртіптен Аванстық тәртіпке өзгерткен жағдайда Корпоративтік Абонент есеп айырысу тәртібiн өзгерту жүргiзiлгенге дейiн Пайдаланушылар пайдаланатын Корпоративтік Абоненттің осындай Абоненттік нөмiрлерi бойынша бар барлық берешекті өтеуге мiндеттенедi;

4.1.8. Сервисті қосуға Өтініш беру арқылы Пайдаланушының ауысуы туралы Операторға осындай өзгеріске дейін кемінде 1 жұмыс күні бұрын хабарлауға;

4.1.9. Корпоративтік Абонент Оператордан Абоненттік нөмірлердің теңгерімі бойынша есеп сұратады және Пайдаланушының берешегін тексеру мақсатында Есептік кезең ішінде Шығыстар лимитінен тыс Қызметтер бойынша берешек болған жағдайда Пайдаланушыны хабардар етеді;

4.1.10. Көрсетілетін қызметтер шартының, осы Талаптардың, Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына сәйкес өзге де міндеттерді орындауға міндетті.

4.2. Корпоративтік Абонент құқықтары:

4.2.1. Оператор белгілеген шарттарда Оператордан Есептік кезеңде көрсетілген Қызметтер туралы шот деректерін талап етуге құқылы. Корпоративтік Абонент және Пайдаланушы Абоненттік нөмір бойынша шот деректерін ұсыну Пайдаланушыға ұсынылған Қызметтерге және Корпоративтік Абонентке ұсынылған Қызметтерге бөлінбей, Есептік кезеңде ұсынылған Қызметтердің жалпы көлемін көрсете отырып жүзеге асырылатындығымен келіседі. Корпоративтік Абонент шот деректерін алған кезде Пайдаланушыға ұсынылған Қызметтер туралы, оның ішінде олардың ақысы мен берешегі туралы мәліметтерді алуға құқылы;

4.2.2. Сервисті қосуға Өтінішті Операторға жіберу жолымен Абоненттік нөмірлерді өшіруге немесе Сервиске қосуға, сондай-ақ Абоненттік нөмірлерді Пайдаланушыларды ауыстыруды, Шығыстар лимитін, есеп айырысу тәртібін және/немесе Пайдаланушылардың несиелік лимитін өзгертуді жүргізуге құқылы.

4.3. Оператор міндеттері:

4.3.1. Корпоративтік Абонентке Есептік кезеңнен кейінгі айдың 20 (жиырмамыншы) күніне дейін Шығыстар лимиті шегінде Есептік кезеңде нақты көрсетілген Қызметтер бойынша электрондық шот-фактураларды және орындалған жұмыстар актілерін ұсынуға. Пайдаланушыға көрсетілген Қызметтер бойынша шот-фактура Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Пайдаланушының талабы бойынша жазылады;

4.3.2. есеп айырысудың несиелік тәртібі кезінде Пайдаланушының несиелік лимиті шегінде Қызметтерді көрсетуді қайта бастау үшін жеткілікті мөлшерде ақша қаражаты түскен, Қызмет көрсетудің аванстық тәртібі кезінде оң теңгерім болған және/немесе ОДШ несиелік лимит шегінде немесе Қызметтерге ақы төлеу бойынша мерзімі өткен берешектің өтелген жағдайында, егер бұрын Қызмет көрсету осы Талаптарға, Қызметтер Шартының талаптарына және/немесе Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес тоқтатыла тұрса, Қызмет көрсетуді қайта бастау.

4.4. Оператор құқықтары:

4.4.1. Корпоративтік Абонент және/немесе Пайдаланушылар несиелік есеп айырысу тәртібі кезінде Пайдаланушының несиелік лимитіне қол жеткізген, Пайдаланушының Дербес шотында аванстық есеп айырысу тәртібі кезінде ақшаның және/немесе несиелік ОДШ лимитінің болмаған, сондай-ақ Корпоративтік Абонент Есеп айырысу кезеңі ішінде Қызметтерді төлемеген жағдайда Сервис көрсетуді тоқтата тұру.

4.4.2. Корпоративтік Абоненттен Есептік кезеңде көрсетілген Қызметтерге уақтылы және толық ақы төлеуді талап ету.

4.4.3. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес бұл туралы Корпоративтік Абонентті және/немесе Пайдаланушыларды хабардар ете отырып, Сервис көрсету шарттарын өзгерту. Хабарлау тәсілін осы Шарттарға және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Оператор айқындайды.

4.4.4 Осы Шарттарға және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де құқықтарды жүзеге асыру.

5. Ақы төлеу тәртібі

5.1. Қызметтерге ақы төлеуді Есеп айырысу кезеңі ішінде Оператордың банктік шотына қажетті соманы аудару жолымен электрондық шот-фактура негізінде қолма-қол ақшасыз есеп айырысу бойынша Корпоративтік Абонент жүргізеді.

5.2. Пайдаланушылар Қызметтерге ақы төлеудің Оператор белгілеген кез келген тәсілін (Оператордың немесе оның әріптестерінің кассаларына қолма-қол ақша енгізу, төлем карталарын белсендіру және т.б.) Пайдаланушының жеке шотына тиісті Абоненттік нөмірді енгізу жолымен пайдалануға құқылы.

5.3. Пайдаланушы Шығыстар лимитінен тыс тұтынылған Қызметтерге ақы төлеуді Пайдаланушының/Корпоративтік Абоненттің жеке сұранымы бойынша қалыптастырылатын электрондық шот-фактура негізінде Корпоративтік Абонент жүргізеді. Бұл ретте электрондық шот-фактуралар және/немесе электрондық ОЖА Корпоративтік Абонентке қайта берілмейді. Қолма-қол ақшасыз есеп айырысумен төлем жүргізген кезде Корпоративтік Абонент төлемнің нысаналы мақсатында Пайдаланушының дербес шоты мен Пайдаланушының Т.А.Ә көрсетеді.

5.4. Осы Шарттарға сәйкес ұсынылатын Сервис тегін болып табылады. Сервис Қызметтерге ақы төлейтін барлық Корпоративтік Абоненттерге қолжетімді.

6. Шарттардың қолданылуы

6.1. Осы Шарттар олар Оператордың Сайтында жарияланған сәттен бастап күшіне енеді. Корпоративтік Абоненттер мен Пайдаланушылар осы Шарттардың өзгергені немесе қолданылуының тоқтатылғаны туралы осындай өзгерістер күшіне енгенге дейін күнтізбелік 10 (он) күн бұрын Оператордың Сайтында жариялау жолымен хабардар етіледі. Осы Шарттар осындай хабарламада көрсетілген сәттен бастап өзгертілген немесе күші жойылған болып есептеледі. Егер өзгерістер күшіне енгеннен кейін Корпоративтік Абонент немесе Пайдаланушы Шарттың өзгерістері жарияланған сәттен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде өзгертілген Шарттарды қабылдаудан бас тартуын Оператордың мекенжайына жібермесе, сондай-ақ өзгерістер күшіне енгеннен кейін жаңа шарттармен көрсетілетін Сервисті пайдалануды жалғастырса, мұндай өзгерістер Корпоративтік Абонент/Пайдаланушы қабылдаған болып есептеледі және бұл Корпоративтік Абоненттің/Пайдаланушының жалпы осы Шарттарға сөзсіз қосылуын білдіреді.

6.2. Осы Шарттар мемлекеттік және орыс тілдерінде жарияланады. Айырмашылық болған жағдайда орыс тіліндегі мәтін басым күшке ие болады.

6.3. Егер осы Шарттардың кез келген ережесі толық немесе бір бөлігінде жарамсыз немесе қолданылмайтын болса, онда бұл ереже Шарттардың кез келген басқа ережелерінің толықтай немесе бір бөлігінде жарамдылығы мен қолданылуына әсер етпейді.

6.4. Осы Шарттар Сервисті ұсыну үшін бұрын қол жеткізілген уағдаластықтар мен шарттарды және «Бизнес Бюджет» қызметі бойынша жасалған келісімдерді алмастырады.

Шығ.№ _____
Күні _____

«Кселл» АҚ Бас атқарушы директоры

ӨТІНІШ

Сізден 20__ ж.«__» _____ бастап «Бизнес бюджет» Сервисін қосуыңызды/ «Бизнес бюджет» Сервисі бойынша «_____» ЖШС/АҚ/ЖК атына ресімделген келесі Абоненттік нөмірлерге өзгерістер енгізуіңізді сұраймын:

№	Абоненттік нөмір	Пайдаланушының аты-жөні (толық)	Пайдаланушының ЖСН	Шығыстар лимиті нөмірі, тг ҚҚС-пен*	Пайдаланушының Есеп айырысу тәртібі (аванстық/несиелік)**	ОДШ несиелік лимиті, тг, ҚҚС-пен***	Пайдаланушының қолы ****

«Бизнес бюджет» сервисін қосқан кезде жоғарыда көрсетілген Абоненттік нөмірлерде мынадай қызмет өшіріледі, ол болған жағдайда:

- USSD бұғаттау

*Шығыстар лимиті - Оператор Корпоративтік Абонентке Қызмет көрсететін сома.

** Егер есеп айырысудың несиелік тәртібі қажет болса, Пайдаланушының несиелік лимитін көрсету. Пайдаланушының несиелік лимиті - Оператор Пайдаланушыға Қызмет көрсететін сома. Пайдаланушының Несиелік лимитін 100 (Жүз) теңгеден артық мөлшерде орнатуға болмайды. Пайдаланушы Есептік кезеңде нақты көрсетілген Қызметтердің төлемі үшін жауапты болады.

*** ОЖШ Несиелік лимиті - «Бизнес-бюджет» Сервисіне қосылған Корпоративтік Абоненттің барлық Абоненттік нөмірлері бойынша Шығыстар лимитінің жиынтық мәні.

Егер «Бизнес-бюджет» Сервисін қосуға арналған Өтінішке Пайдаланушы қол қойса, Корпоративтік Абонент мұндай қолды Пайдаланушы өзі қойғанын, ал Пайдаланушының барлық дербес деректерінің дұрыс, шынайы және жарамды болып табылатынын растайды.

**** Осы Өтінішке қол қоя отырып, Корпоративтік Абонент/Пайдаланушы құны Шығыстар лимитінен асатын Қызметтерді Оператор тарифтеуіне өз келісімін ұсынады, сондай-ақ Оператордың <https://b2b.kcell.kz/ru/article/5264/272> ресми интернет-ресурсында орналастырылған «Бизнес бюджет» сервисін көрсету шарттарымен (бұдан әрі - «Шарттар») шарттарымен танысқандығын және келісетіндіктерін растайды. Осы Өтінішке қол қоя отырып, Корпоративтік Абонент пен Пайдаланушы «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 21.05.2013 жылғы № 94-V Заңының талаптарына, Оператордың Жария шартының талаптарына, Абоненттердің дербес деректерін жинауға, өңдеуге және қорғауға қатысты саясатқа және Абоненттердің дербес деректерінің тізбесіне сәйкес Оператордың өзінің дербес деректерін жинауына және өңдеуіне өз келісімін береді. Келісім Абоненттік нөмірді тіркеу үшін дербес деректерді берген күннен бастап күшіне енеді және, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, дербес деректерді жинау және өңдеу мақсаттары үшін қажетті мерзім ішінде қолданылады

Пайдаланушының Дербес шотын түзген кезде Пайдаланушының тіркелген мекенжайы ретінде Корпоративтік Абоненттің заңды мекенжайын санауын сұраймыз.

Корпоративтік Абоненттің электрондық мекенжайы - _____.

Басшының Т.А.Ә.

МО (түпнұсқа)

қолы _____

Байланысушы тұлғаның аты-жөні

Тел: _____

email:

Бизнес Бюджет сервисін көрсету шарттарына № 2 қосымша

«Бизнес бюджет» сервисін өшіруге өтініш

Шығ.№ _____

«Кселл» АҚ Бас атқарушы директоры

Күні _____

ӨТІНІШ

Сізден 20__ ж.«__» _____ бастап «__» ЖШС/АҚ атына ресімделген келесі Абоненттік нөмірлерде «Бизнес бюджет» Сервисін өшіруді сұраймын:

№	Абоненттік нөмір	Есеп айырысу тәртібі (аванстық/ несиелік)	Несиелік лимит, теңге **

*«Бизнес бюджет» Сервисін өшірген кезде көрсетілген Қызметтердің құны шығыстар лимитінен тыс төленуі тиіс. «Бизнес бюджет» Сервисі өшірілген жағдайда Абоненттік нөмірге ағымдағы Тарифтік жоспарды сақтаумен Корпоративтік Абоненттің Дербес шотында қызмет көрсету жалғастырылады.

** Егер есеп айырысудың Несиелік тәртібі қажет болса, несиелік лимитті көрсету.

Басшының Т.А.Ә.

МО (түпнұсқа)

қолы _____

Байланысушы тұлғаның аты-жөні

Тел: _____

email: